

ТАҚЫРЫП -1.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Қаржылық түсініктер
2. Қаржылық сауаттылық
3. Қаржылық білім
4. Қаржылық сауаттылыққа қатысты кейбір түсініктер

Мақсаты: Қаржылық және сауаттылық түсініктерді қалып-тастыру, қаржылық сауаттылық анықтамасын ашу-түсіну, қаржылық сауаттылықпен бірге құрамдас бөліктерді айыра білу және талдау, қаржылық сауаттылыққа қатысты түсініктерді меңгеру.

1. Қаржылық түсініктер

Адамзат тарихынан бастап қоғамның динамикалық құрылымындағы өзгерістер сөзсіз болады. Бұл өзгерістер, түбегейлі немесе жартылай болсын қоғамдардың әдеттерін өзгертті, кейде қоғамдарды жаңа жағдайлармен, жаңа объектілермен, жаңа ұғымдармен, қозғалыстармен және құндылықтармен таныстырды. Мысалыға, адам баласын толғандыратын әрбір мәселелер мен саладағы яғни, ауыл шаруашылығындағы, өндірістегі, мәдениеттегі, идеология-дағы, өнердегі, саясаттағы және экономикалық саласындағы өзгерістер туралы айтуға болады. Жалпы күнделікті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жұмыс істеу фактісі жеке адамның өзін жаңа түсініктерді қабылдауға мүмкіндік беретін құрылымға айналады.

Экономикалық қызметтің адам өмірінде осындай орталық рөлге ие болуы оны жаңа түсініктерге, жағдайларға және қатынастарға ұшыратады. Еңбектің орнына тапқан табыспен қоса, онымен қатар қарқынды тұтыну, болашақты жоспарлау, банктермен және басқа да қаржы институт-тарымен қарым-қатынас адамнан өзінің экономикалық және қаржылық жағдайын белгілі бір деңгейде түсіндіруді, хабардар болуды, саналы шешімдер қабылдау және өз ақшасын басқара білуді үйретеді. Бұл адамның қаржылық сауаттылығы болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Қаржылық сауаттылық мәнін толық түсіну және оның маңыздылығын қабылдау үшін алдымен осы ұғымды түсіндіруге көмектесетін кейбір мәселелерге тоқталу қажет.

Қаржы түсінігін білмей қаржылық сауаттылық мәселеге қатысты кез келген ескертулер немесе шешімдер толық шындықты көрсетпейді. Қазіргі технологиялық даму нәтижесінде күрделене түскен қаржы нарықтарында қаржылық сауаттылық жеке тұлғалардың жеке қаржылық әл-ауқатын арттыру және әлеуметтік әл-ауқатқа үлес қосу үшін қажеттілікке айналды. Сондықтан да, қаржылық сауаттылық деп аталып қана қоймай, сонымен қатар қаржылық хабардарлық және қаржылық қабілеттілік ретінде де жан жақты түсіндіріледі.

Сонымен, бұл жерде қаржы және сауаттылық ұғымдарынан басқа қаржылық хабардарлық пен қаржылық қабілеттілік ұғымдары да қамтылатын болады.

Қаржы сөзі ақша, қорлар және ресурстар ретінде түсіндіріледі. Бұл ақшаны басқару өнері мен ғылымы болып табылады. Қазіргі уақытта ақшаны тиімді пайдалану ақша табу сияқты өте маңызды. Қаржы сөзінен шыққан, қаржыландыру болса, қажетті ақшаны қамтамасыз ету немесе сатып алу болып табылады. Қаржыны басқару ақшаны қамтамасыз етуді де, берілген ақшаны тиімді пайдалануды да білдіреді.

Сонымен қатар, қаржы, ақша және валюта туынды құралдардың құндылықтарын басқаруды білдіреді. XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған қаржы териясы пәні шын мәнінде экономиканың қосалқы саласы болып табылады. Бұл әрі ғылыми пән, әрі оның күрделілігі болғандықтан, қаржы тек сарапшылардың жұмысы болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл барлық жеке адамдарға қатысты термин болып табылады. Мәселен, «Қаржы менеджменті» 1900 жылдардың басында экономиканың маңызды бөлігі болғанымен, XXI ғасырдың басынан бастап жеке зерттеу саласы ретінде қарастырыла бастады. Бұл термин өтімділікті сақтау, банкроттықтан қорғау және 1930 жылдары орын алған экономикалық қиындықтар нәтижесінде қайта құрылымдау сияқты мәселелердің маңыздылығын көрсетуге арналған нұсқаулықтар болды.

Ал енді, «Қаржы» сөзі қаржы нарықтары, қаржылық өнімдер, қаржылық қызметтер, қаржылық жоспарлау және кеңес беру сияқты қаржы ғылымының көптеген аспектілерін сипаттауға көмектеседі.

Қазіргі таңдағы оқулықтарда «қаржының» өте күрделі анықтамалары көп, бірақ күнделікті өмірде барлығын толғандыратындай маңызды болып табылатын қаржы түсінігін ең қарапайым түрде *«ақша, тауар және ақшаға байланысты істер»* деп анықтама берсекте болады. Ал ақшаға байланысты істер деп: *жеке және отбасы қаржысы, банктік өнімдер (депозиттер, несиелер және кассалық операциялар), міндетті және коммерциялық сақтандыру, зейнетақы, салық салу міндеттері және инвестиция тиімділігі* сияқты негізгі түсініктерді айқындайды.

Сондықтан да, қаржы – ақша және капитал ретінде қабылданғандықтан, бұл жеке, кәсіпорындар және мемлекетке де, барлығына қатысты ұғым болып келеді.

Дамушы және өзгермелі әлемде қаржы терминіне қатысты жаңа функциялар пайда болуда, бірақ жалпы алғанда, қаржыны үш бөлікте қарастырған жөн: Біріншісі - жеке және отбасылық қаржы; екіншісі – корпоративтік қаржысы; үшіншісі – мемлекеттік қаржы деп аталатын мемлекеттерге қатысты қаржы саласы да бар.

Сауаттылық түсінігі - ағылшын тілінде «literacy», қазақ тілінде «сауаттылық» деп аталатын бұл ұғым тек оқу мен жазу қабілетін ғана білдірмейтін, өте ауқымды ұғым болып табылады.

Сауаттылық: ол әртүрлі географияларда, әртүрлі жағдайларда, қажеттіліктерде және әртүрлі уақытта өзгертін және түрленетін ұғым ретінде пайда болды. Мысалы; білім беру жүйесіндегі сауаттылық – оқу мен жазу дағдыларын меңгеру және дамыту. Бірақ *сауатты* деген ұғым бар ол «оқып, жаза алатын білімді адам» десе, *«оқу мен жазу және сауаттылық»* ұғымдары бір-бірінің орнына қолданылатын ұғымдар ретінде қателесіп жатады.

Жалпы, сауат ашу – оқу мен жазуды білумен шектелмейтін, динамикалық құрылымы бар және өмір бойы дами алатын құбылыс. Ал, сауатты адамдар - алған білімін өмірінде тиімді қолдана алатын және өзінің көзқарасын, дағдыларын және мінез-құлқын тиімді дамыта алады.

Бұл екі ұғымның тығыз байланысы белгілі болғанымен, сауаттылық оқу мен жазудан әлдеқайда көп сипатталады. Оқу мен жазу және сауаттылық ұғымдары арасындағы айырмашылықтарды келесідей:

- Оқу мен жазу санада таңбалар мен пішіндерді ажырату, сауаттылық арқылы мағынасын ашуға әрекеттенеді.

- Оқу мен жазу сыныпты білдірсе, сауаттылық дәрежесін көрсетеді.

- Оқу мен жазу – баспадағы әріптер, сауаттылық – білім, дағды мен үлгіні қамтитын барлық нәрсе.

- Оқу мен жазудың бір ғана анықтамасы болғанымен, сауаттылыққа қатысты анықтамалар әлі де жасалуда. Демек, сауаттылық заман талабына сай дағды, дарын ретінде көрінеді.

Сонымен, сауаттылық түсінігі алдындағы сөзге қарай қалыптасып, алдындағы сөзді ойлау, түсіну, түсіндіру қабілетінің болуын білдіреді.

2. Қаржылық сауаттылық

Әрбір жеке адам өмір сүру үшін бірзаттарды тұтынады және бұл тұтыну белгілі бір қажеттіліктер мен тілектерден тұрады.

Жеке адамның қажеттіліктері мен тілектерін қанағаттандыру үшін қолма-қол ақшаға айналдыратын кірісі немесе мүлкі болуы керек. Адам өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін табысының бір бөлігін жұмсаумен қатар, табысынан да көп жұмсай алады. Ол мұны өз табысын жарату немесе қарыз ақша алу арқылы жасайды. Қарыз алу арқылы жұмсау, әрине, бұл шешім, бірақ ол ұзақ мерзімді перспективада тұрақсыз болуы мүмкін және бір адам қабылдаған шешім домино әсерін (доминоның біреуі бір-бірінің үстінен құласа, басқалары да құлайтын оқиғаға ұқсас) тудырып, қоршаған ортаға және қоғамға әсер етеді. Бұл тұрғыда әрбір адамның қаржылық сауаттылығы, тіпті қарапайым деңгейде болуы өте маңызды болып табылады.

Қаржылық сауаттылық - жеке тұлғалардың қаржылық қызметтер мен өнімдер туралы білімі бар екенін және осы білімді пайдалана отырып дұрыс шешім қабылдай алатынын білдіреді. Тұжырымдама бойынша қаржылық сауаттылық білу, үйрену, түсіну, таңдау, түсініктеме беру, салыстыру және нәтиже алу сияқты әрекеттерді қамтиды. Сондықтан да, оған қаржылық білім – тұтынушыларға олардың қаржылық жағдайы мен оның салдары туралы білуге мүмкіндік беретін нақты ақпарат. Егер адамдар өздерінің қаржылық шешімдері мен мінез-құлықтары туралы хабардар болса, бұл ақпарат шешімдер мен мінез-құлыққа оң ықпал етуі мүмкін. Қаржылық сауаттылық – бұл жеке тұлғалардың ақшаны басқару мен пайдалануға қатысты негізделген

бағалау және тиімді шешімдер қабылдау қабілеті. Білмей қабылданған шешімдер жеке адамға да, қоғам мен қаржы жүйесіне де зиян келтіруі мүмкін.

Енді түсінікті болу үшін тағы да бірнеше анықтама берейік: *Қаржылық сауаттылықты* адамдардың экономикалық ақпарат пен деректерді пайдалану және қаржылық жоспарлау, активтерді жинақтау, зейнетке шығу және қарыз жағдайлары туралы негізделген шешімдер қабылдау қабілеті ретінде анықтайды.

Қаржылық сауаттылықты адамның жеке қаржылық ақпаратты қаншалықты жақсы түсінетінін және пайдаланатынын өлшеу ретінде анықтайды. Бұл жерде оның екі өлшемді анықтама жасағанын көруге болады. Бірінші өлшем - бізде бар қаржылық ақпаратты түсіну, ал екінші өлшем - бұл қаржылық ақпаратты пайдалану және қолдану.

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (ЭЫДҰ) берген анықтамасы: *қаржылық сауаттылық*- қаржылық тұтынушылардың қаржылық өнімдер мен концепциялар туралы хабардар болуын және қаржылық тәуекелдер мен баламалардың арасында таңдау мүмкіндігін білуін қамтамасыз ету арқылы қаржылық әл-ауқатты арттыру процесі.

Қаржылық сауаттылықпен құрамдас бөліктері:

- Қаржылық білім
- Қаржылық мінез құлық
- Қаржылық көзқарас

«**Қаржылық сауатты**» адам негізгі қаржылық түсініктер туралы негізгі білімге ие болуы керек.

Адамдардың **мінез-құлық үлгілері** олардың қаржылық әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді. Мысалы: сатып алмас бұрын ойлану, төлемдерді уақытында төлеу және бюджетті құру, мақсаттар мен қажеттіліктерге жету үшін үнемдеу және жинау сияқты мінез-құлық.

Қаржылық көзқарастар мен қалаулар қаржылық сауаттылықтың маңызды бөлігі болып саналады. Мысалы, егер адамдардың болашақ үшін жинақтауға деген көзқарасы теріс болса, олардың жинақтау мінез-құлқына қатысуы әлдеқайда төмен болады деп айтуға болады. Сол сияқты, өздерінің қысқа мерзімді қалауларын орындауды жөн көретін адамдар төтенше жағдайлар үшін үнемдеу немесе ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлар жасағысы келмейді.

Қаржылық сауаттылықтың ерекшеліктері. Жеке тұлғалардың қаржылық сауатты болуы олардың қаржы саласында біліктілікті қажет ететін пәндерді меңгергенін білдірмейді. Қаржылық сауатты адам бұл қаржылық сарапшы немесе кәсіпқой болу дегенді білдірмейді. Қаржылық сауатты – өзіне де, айналасындағыларға да жеткілікті білімі бар адам. Мысалы, қаржылық сауатты адам акцияларды бағалауды білуі керек емес, бірақ кем дегенде акциялар мен облигациялардың айырмашылығы неде екенін білуі керек. Яғни білімі, тәжірибесі және қаржылық мінез-құлқы қабілеті болғаны. Немесе қаржылық сауаттылықты қаржы туралы жалпы мәдениетке ие болу емес, өз білімін қолдану және бюджет жасау, жоғары білімді қажет ететін мәселелер бойынша қайдан көмек алу керектігін білу, тәуекел мен кіріс арасындағы байланысты түсіну сияқты қаржылық мінез-құлыққа ие болу деп анықтауға болады.

Қаржылық сауатты адам қаржы нарығының динамикалық құрылымы бар екенін білетіндіктен, ол үнемі ақпарат алуды қажет етеді. Қаржылық сауатты деп саналатын адамдардың кейбір ортақ тұстары мыналар:

- Ол білімді және білікті. Сондай-ақ ақша, салық, сақтандыру, пайыз және несие сияқты мәселелер бойынша маңызды ақпараттарға ие;

- Қаржылық активтерді басқару тәжірибесі бар;

- Олар өздерінің білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, қаржылық шешім қабылдайды.

Бұл тұрғыда қаржылық сауаттылардың көзқарасы, мінез-құлқы, білімі мен дағдылары сияқты ерекшеліктері бар:

- Ақшасын дұрыс басқара білу керек;

- Қаржы жүйесінің жұмысын жақсы түсінуі керек;

- Қаржылық жоспар құра білуі керек;

- Жақсы қарым-қатынас жасай білуі керек.

Қаржылық сауаттылықты арттыру. Қаржылық сауаттылықты дамыту үшін кейбір негізгі мүмкіндіктерді меңгеру немесе беру қажет:

1) Санға жақын болу және ақпараттық технологияларды пайдалана білу;

2) Ақшаның әртүрлі формалары болып табылатын несиелік және дебеттік карталарды пайдалана білу және олардың логикасын түсіну;

3) қаржылық ақпарат пен ұсыныстарды түсіну, сұрақ қою және бағалау мүмкіндігі;

4) тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпаратқа ие болу;

5) Қаржылық қажеттіліктерді шешуде сәйкес арналардың тәуекелдері мен кірістерін есептей білу.

Қаржылық сауаттылықты дамыту үшін оқу орындарын пайдалануға болатын болса, бұқаралық ақпарат құралдары мен түрлі үкіметтік емес ұйымдарды да пайдалануға болады. Бұқаралық ақпарат құралдарында қаржылық сауаттылықты арттыратын бағдарламалар мен жарияланымдар жасалып жатса, қоғамға ақпарат жеткізу үшін түрлі науқандар ұйымдастырылуы мүмкін.

Қаржылық сауаттылық деңгейін арттырудың артықшылықтары. Қаржылық сауаттылық – бұл жеке және корпоративтік тәжірибелерді қамтитын сала. Мысалы, еңбек және жұмыспен қамту саласында кәсіпорындар өз қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандыру және зейнеткерлік төлемдер бойынша жоспарлар жасауы керек, ал жеке тұлғалар үй бюджеттерін теңгерімдеуді жоспарлап отырылады. Екі жағдай да басқа ауқымда болса да, қаржылық сауаттылық аясындағы білімді талап етеді. Егер де, қаржылық сауаттылығы төмен немесе жоқ жеке адамдар, қоғамға қауіп төндіруіқтималдылығы жоғары болады.

ЭЫДҰ-ның қаржылық сауаттылықты дамыту есебінде ол қаржылық сауатты тұлғаларға ие болу үшін қаржылық білім беру бағдарламаларына ерекше мән беру керектігін айтты. Себебі, қаржылық білім маңызды және төмендегі түрлі факторларда өзгерістер әкеледі:

- Қаржы өнімдерінің күрделі құрылымы;
- Қаржы өнімдерінің әртүрлілігі;
- Бала туудың және орташа өмір сүру ұзақтығының артуы;
- Зейнетақыны реттеудегі өзгерістер;
- Табыстың өзгеруі;
- Капитал нарығындағы өзгерістер.

Осы өзгерістердің барлығы жеке адамдар мен қоғамның экономикалық және қаржылық жағдайын, түсінігі мен әдеттерін тікелей өзгертеді. Өзгерістерге бейімделу үшін қаржылық білімнің қажеттілігі сөзсіз.

3. Қаржылық білім

Қаржылық білім, ол ақша қаражаты және оларды пайдалану туралы білімге ие болу, яғни ақшаны дұрыс жерде және қажетті уақытта пайдалану деп аталады. Қаржылық білім, кең мағынада қаржылық әлемді түсіну және түсіну қабілеті, ал тар мағынада жеке адамның қаржылық мәселелер бойынша тиімді және саналы шешім қабылдау қабілеті ретінде де анықтауға болады.

Қаржылық білім соңғы уақытта бүкіл әлемде қызығушылық танытқан тақырыпқа айналды. Мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, қауымдастықтар және халықаралық ұйымдар қаржылық білім беру мәселесіне жақыннан қызығушылық танытып, маңызды бастамаларды қолға алып, жеке тұлғалардың қаржылық сауатты болуына ықпал етуде. Қаржылық сауаттылық мақсаттарына жету біраз уақытты алуы мүмкін.

Қаржылық білім өз шешімдері мен таңдауларында ақпарат пен деректерді пайдаланатын, қаржылық тұжырым-дамалар мен шарттармен танысатын, қаржылық өнімдер мен мәселелер бойынша таңдау жасайтын адамдарды қамтиды. Қаржылық білім тұтынушылардың құқықтарын қорғау сияқты мақсатқа тікелей қызмет етпесе де, ол қаржылық тұтынушылардың құқықтық ережелер мен тәжірибелерден хабардар болуын жанама түрде қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, қоғамдағы демографиялық, экономикалық және нарықтық өзгерістерге байланысты қаржылық білімнің маңызы артып келеді.

Қаржылық білім берудің қажеттілігі мен маңыздылығын ашатын факторлары:

а) Қаржы өнімдерінің күрделілігі: Қаржы нарығында пайыздық мөлшерлемелерден бастап вексельдер мен облигацияларға дейінгі әртүрлі қаржы құралдарын бағалау тұтынушылардың шешім қабылдауын қиындатады.

б) Қаржы өнімдерінің санының артуы: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуымен қаржылық өнімдер мен өнімдерге қолжетімділік айтарлықтай жеңілдеді, бұл инвестициялық таңдауда қиындықтар туғызады.

в) Өмір сүру ұзақтығы: Химия және денсаулық сақтау салаларындағы жетістіктер адамдардың өмірінің ұзағырақ және сапалы болуын қамтамасыз етеді.

г) Зейнеткерлік заңнамадағы өзгерістер: Мемлекеттер ұсынатын зейнеткерлікке шығу мүмкіндіктерінен басқа жеке зейнетақы жарналарын төлеу немесе бұл сыйлықақыларды әртүрлі қаржы құралдары арқылы инвестициялау зейнет-керлік өмірдің өркендеуіне деген ұмтылысты тудырады.

д) Қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейі: Қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейі, әсіресе білімі төмен және табысы төмен топтар қаржы нарығы үшін проблема ретінде қарастырылады.

Қаржылық білім барлық жастағы және кіріс топтарындағы адамдарға пайдалы болуы мүмкін. Қаржылық білім енді ғана жұмыс істей бастаған ересек адамға бюджет құру арқылы кірістері мен шығыстарын бақылауда ұстауға, отбасыларға үнемдеуге және болашақ өмірін ескере отырып инвестициялауға, балаларына жақсы білім алуға және қаржылық тәуекелдерді білу арқылы қаржылық шешімдер қабылдауға көмектесе алады. Өз қажеттіліктерін және осы қажеттіліктерді қанағаттандыру жолдарын білетін тұтыну-шылар экономиканың тиімді жұмыс істеуіне себеп болады. Осылайша, қаржы нарығындағы бәсекелестікті дамыту және нарыққа инновациялық өнімдер мен қызметтерді енгізу жеңілдей түседі.

Қаржылық білім берудің мақсаты қаржылық тұтынушы-лардың қаржылық тұжырымдамалар мен тәжірибелер туралы хабардарлығын арттыру ғана емес, сонымен қатар, бұл жақсы жобаланған және мақсатты аудиторияға жететін, нәтижелерін қаржы нарығы тұрғысынан бағалауға болатын ұзақ мерзімді бағдарлама жасау болып табылады. Осылайша, қаржы нарықтарының дұрыс жұмыс істеуін және қаржылық тұтынушылардың тәуекелдер мен кірістер туралы хабардар болуын және қаржылық әл-ауқаттың болуын қамтамасыз етуге болады.

Қаржылық білім мен табыс арасында оң корреляция бар деп айтуға болады. Қаржылық білім алған адамдар қаржылық шешімдерде табысты болады және сәйкесінше қаржылық мінез-құлқын өзгертеді. Қаржылық сауаттылық қаржылық білімді қажет ететіндіктен, бұл білімнің соңында адамдардың қаржылық сауаттылығы жоғарылайды деп есептеледі.

ЭЫДҰ 2005 жылы жарияланған кітабында қаржылық білім беруді келесідей анықтады: «Қаржылық білім қаржылық тұтынушылардың немесе инвесторлардың қаржы-лық өнімдер мен тұжырымдамалар туралы түсінігін арттыруға және оларға (қаржылық) тәуекелдер мен мүмкіндіктерді тануға, негізделген шешімдер қабылдауға, көмек алу үшін қайда баруға болатынын білу және қаржылық әл-ауқаты мен қорғалуын арттыру үшін басқа да тиімді әрекеттерді жасау туралы ақпарат; оқыту және/немесе объективті кеңес беру арқылы олардың дағдылары мен сенімділігін дамытатын процесс». Осы анықтамадан көрініп тұрғандай, қаржылық сауаттылық пен қаржылық білім бір-бірімен астасып жатқан ұғымдар. Себебі, жақсы қаржылық білім болмай, қаржылық сауатты бола алмайсыз. Бұл тұрғыда қаржылық білім берудің бір нәтижесі – қаржылық сауатты болуы керек.

Қаржылық білім мен қаржылық сауаттылық арасында тікелей байланыс бар. Қаржылық біліммен бірге қаржылық сауаттылық деңгейі де артады. Егер адамдар білім беруде алған білімін қаржылық шешімдерінде қолдана алса, нәтиже жеке адамға да, қоғамға да оң әсер етеді. Сондықтан мұндай оқыту көбейген сайын экономикалық жүйе тиімдірек болады.

Ғаламдық қаржылық білім беру бағдарламасына (Global Financial Education Program (GFEP)) сәйкес қаржылық білім «адамдарға ақшаны пайдалану мен басқаруға қатысты саналы және тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін біліммен, дағдылармен, көзқарастармен және мінез-құлықпен қамтамасыз ету» деп анықтама берген.

Қаржылық білім туралы анықтамалар тек білімді ғана емес, сонымен қатар дағдыларды, қарым-қатынастарды және мінез-құлықты қамтиды, өйткені жеке адам тек біліммен дұрыс шешім қабылдай алмайды, сондықтан білім беруде біліммен бірге дағдылар берілуі және осының барлығы көзқарас пен мінез-құлықта көрінуі керек. Нәтижесінде қаржылық білім жеке тұлғаның білім деңгейін көтеруге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар, жеке тұлғада жоқ тиісті қаржылық мінез-құлықтарды меңгеруге көмектеседі. Егер адамдардың қаржылық мәселелерге қатысты дұрыс емес мінез-құлықтары мен идеялары болса, бұл олардың өзгеруіне де ықпал етеді. Бұл мәселе бойынша бірнеше мысалдарды келтіруге болады:

- Егер жеке адам қысқа мерзімді ойлап, кенеттен шешім қабылдаса, ол мұны ұзақ мерзімді жоспарлар мен мұқият ойлауға айналдыра алады.

- Егер адам несиені қайтару шарттарын ескермей пайдаланса, қаржылық білім мұны өзгертуге ықпал етеді.

- Кейбір адамдар ақша жинаудың орнына барлық кірістерін жұмсауға бейім, бірақ бұл да мінез-құлықтың дұрыс еместігі, егер қаржылық білімі болса кірісінің белгілі бір бөлігін жинақтауды әдетке айналдырса, болашақта қажеттілігінің орынын толтыра алады.

- Қарызды қайтадан қарыз алу арқылы өтеу дұрыс емес әрекеттердің ең өрескел қателіктің бірі, егер қаржылық білімі болса адам теңгерімді көзқарас таныту арқылы қарызды ең аз шығынмен өтеуді таңдасада болады.

Адам – саналы, логикалық жаратылыс және өзі қабылдаған шешімдер арқылы өзінің пайдасын барынша арттыра алады. Қаржылық білім осы тұрғыда тұтынушыны қорғау және ақпараттандыру үшін қабылданатын дұрыс қадамдардың бірі болып табылады.

Қаржылық сауаттылық бойынша көптеген зерттеулер жүргізілген, тұтынушылар қаржылық сауаттылығы қаншалықты екендігі төмендегідей көрсетілген:

- Өте аз үнемдеу;
- Бюджет жасамау;
- Болашақты жоспарламау;
- Қажетсіз қарызға бату;
- Сақтандырудың болмауы;
- Қысқа мерзімді перспектива;
- Өнімнің шарттары мен ақпаратын оқымау;
- Алымдар мен шығындарды елемей;
- Сатып алу алдында баға мен сапаны салыстырмау;
- Дұрыс емес қаржылық өнімдерді таңдау;
- Қаржылық кеңестерді елемей;
- Қаржы өнімдерінің негізгі ерекшеліктеріне назар аудармау арқылы қайталануы мүмкін.

Барлық осы қате таңдаулар мен осы таңдаудың нәтиже-сінде төзе алатын міндеттер қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейіне байланысты екендігін көрсетеді.

Қаржылық сауаттылықты дамытуға мектептер, колледж-дер, университеттер, әлеуметтік қызметтер, қаржы институт-тары арнайы бағдарламалар арқылы жүзеге асыру керек.

Мінез-құлық қаржысы және қаржылық сауаттылық бойынша шешім қабылдау. Мінез-құлық қаржысы - мінез-құлық экономикасының ішінде орналасқан және адамдардың мінез-құлқын, шешімдерін, біржақты көзқарастарын, интуицияларын және психологиясын зерттейді. Мінез-құлық экономикасы процеске эмоционалдық факторларды қосу арқылы адамдардың қаржылық шешімдерін талдау үшін әзірленді.

Қаржы және әлеуметтік ғылымдар арасындағы жаңа ғылым болып саналатын мінез-құлық қаржысы нарықтардағы қозғалыстардың себептері туралы әртүрлі көзқарастарды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Мінез-құлық қаржысы - бұл жеке тұлғаның күшті сенімдері мен ұтымдылығын білдіретін «рационалды күтулердің теңдігі» шеңберінде активтерді бағалау негізіне күмән келтіретін мінез-құлық экономикасының тармағы. Мінез-құлық қаржысы психология мен әлеуметтанудың ғылыми нәтижелерін қаржы саласына көшіру арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, мінез-құлық қаржысы жеке тұлғалардың шешімдерін қалыптастыратын психологиялық құрылымдарына да қызығушылық танытады.

Мінез-құлық қаржысы тиімді нарықтарда ұтымды әрекет ету арқылы олардың пайдалылығын барынша арттыруға тырысатын тұлғалардың мінез-құлқын зерттейтін дәстүрлі теориялардан бас тартады және жаңа тәсілді ұсынады.

Мінез-құлық қаржысы өткеннен қазіргі уақытқа дейінгі барлық жүйелі және қарама-қайшы мінез-құлықтарды аралас-тыру арқылы стандартты модель жасауға тырысады. Қазіргі уақытта маңыздылығы бірте-бірте артып келе жатқан зияткерлік капитал түсінігімен адамдарға деген көзқарас маңызды бола бастады. Мінез-құлық қаржысы мен дәстүрлі қаржы арасындағы тағы бір айырмашылық нарықтардың тиімділігіне қатысты. Жеке адамдар өздерінің қаржылық шешімдерін макро және микро факторларды салыстыру арқылы қабылдайды.

Мінез-құлық қаржысы мен қаржылық сауаттылық арасындағы байланыс оның шешімдері нәтижесінде жеке тұлғаның өмірі мен әл-ауқатына әсер ететін білім, дағдылар мен көзқарастардан туындайды. Басқаша айтқанда, қаржылық сауаттылық деңгейі жеке тұлғаның мінез-құлқына әсер ететін негізгі фактор болып табылады.

4. Қаржылық сауаттылыққа қатысты кейбір түсініктер

АКЦИЯ:	Акционерлік қоғамды немесе кәсіпорынды дамытуға қаржы салғанын куәландыратын және оның иесіне акционерлік қоғам пайдасының бір бөлігін дивиденд түрінде алуына құқық беретін құнды қағаз.
АҚША:	Қағаздан немесе металдан жасалған төлем құралы, оған үкімет басып шығарған жазбаша құны бар төлем құралы қолма-қол ақша деп аталады.
БАНК:	Банктік операцияларды жүзеге асыруға айрықша құқығы бар несие мекемесі.
БИРЖА:	Қор нарығын жалпы мемлекеттік бақылаумен сатып алу-сату операциялары жүзеге асырылатын нарық деп атайды.
БЮДЖЕТ:	мемлекеттің, ұйымның, отбасының немесе жеке адамның болашақта белгілі бір уақытқа жоспарланған барлық кірістері мен шығыстары.
ВАЛЮТА	Ақша, чек, төлем құралының кез келген түрі немесе елдер арасындағы төлемдерде пайдалануға болатын шетел валютасы ретінде көрсетіледі.
ДЕПОЗИТ:	Белгілі бір уақыт өткеннен кейін немесе сұраныс бойынша алынатын пайызбен банктерге салынған ақшалай қаражаттар.
ЖЕКЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ:	Жеке тұлғалардың өз болашағына кепілдік беру үшін банктер немесе әртүрлі қаржы институттары арқылы жинаған жинақтары ретінде көрсетіледі.
ИНВЕСТИЦИЯ:	Бұл пайда алу мақсатында экономикалық құндылықтарды бизнеске айналдыру.
КІРІС:	Табиғи (тауарлар, жұмыстар) және ақшалай түсімдердің негізгі көзі болып табылатын (тәуелсіз қызметтен алынған кірістер, мүліктен түскен кірістер, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік аударымдар).
ҚАРЖЫ:	«Қаржы» термині латынның «finantia» деген сөзінен, мағанасы –«аяқтау», «табысқа жету», «қолма қол ақша» деген ұғымдарды білдіреді, яғни төлемді аяқтау, төлену деген мағыны береді.
ҚОР:	Белгілі бір тапсырма үшін қажетіне қарай бөлінген және жұмсалатын ақша ресурсы ретінде анықталады.Оны ұйымның барлық қаржылық ресурстарының көрсеткіші ретінде де көрсетуге болады.
НЕСИЕ КАРТАСЫ:	Күтпеген шығындар үшін таптырмайтын ыңғайлы қаржылық құрал. Несие карталарының барлығында дерлік жеңілдік кезеңі бар, егер сіз соманы уақытында төлесеңіз, сізге ешқандай пайыз төлеудің қажеті болмайды.
НЕСИЕ:	Белгілі-бір мерзім бойы пайдаланып, қайтарылу үшін әдетте, пайыз төлеу шартымен ақшалай немесе тауар түрінде берілетін қарыз.
ОБЛИГАЦИЯЛАР МЕН ВЕКСЕЛЬДЕР:	Біреудің сізден ақша алғаны және оны белгілі бір күні қайтаруға келісетіні туралы тұрақты түбіртек сияқты борыштық бағалы қағаз. Вексель – бір тараптың екінші тараптың талабы бойынша немесе белгілі бір күні белгілі бір ақша сомасын төлеуге жазбаша уәдесін қамтитын құжаттық бағалы қағаз.
ПАЙЫЗ:	Пайыз экономикада екі мағынада қолданылады. Бірінші, қарыздық келісімді сату нәтижесінде алынған табыс мөлшерлемесі. Екіншіден, өндірістік мақсатқа кіріс ретінде пайдаланылатын капиталдың кіріс коэффициенті.
САҚТАНДЫРУ:	Бұл табиғи апаттардың, жазатайым оқиғалардың салдарынан келтірілген залалдың орнын толтыру, сондай-ақ белгілі бір оқиғалардың басталуына байланысты басқа да ақшалай сомаларды төлеу жүзеге асырылатын сақтандыру қорын құру жөніндегі шаралар жүйесі.
ТҰТЫНУШЫ:	Белгілі бір бағаға экономикалық тауарлар мен қызметтерді сатып алатын және пайдаланатын адам.
ҮНЕМДЕУ:	Ақшаның тұтынуға жұмсалмайтын бөлігі ретінде анықталады.
ШОТ-ФАКТУРА:	Шот-фактура итальян тілінен қазақшаға ауыстырылды. Шот-фактура қосылған құн салығын төлеушілер үшін міндетті құжат болып табылады, салық органдары осы құжаттың негізінде салықтың бюджетке дұрыс және толық төленгенін бақылайды. Шот-фактураның толтырылмағаны және пайдаланылмағаны үшін жауапкершілік салық заңнамасымен реттеледі.
ШЫҒЫС:	Жалпы шығыс сөзінің екі түрлі мағынасы бар.Біріншісі, шығыс тұтыну ретінде көрсетіледі. Екінші мағынасы негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін төленуі тиіс ақша ретінде анықталады.
ЭКОНОМИКА:	Адамдардың өмір сүру үшін өндіргенін өндіру мен бөлісу тәсілдерінің барлығы және осы әрекеттерден туындайтын қарым-қатынастар экономика ретінде анықталады.Басқаша айтқанда, осы қатынастарды зерттейтін ғылым саласы экономика деп аталады.

Негізгі қаржылық ұғымдарды түсіну дәрежесі және өмірлік оқиғалар мен экономикалық жағдайлардың өзгеруін ескере отырып, тиісті қысқа мерзімді шешімдер мен ұзақ мерзімді

қаржылық жоспарлау арқылы жеке қаржыны басқару мүмкіндігі мен сенімділігіне ие болады. Қаржылық сауаттылық – адамның әл-ауқатын жақсартуға және өмір сүру сапасын арттыруға әкелетін қаржылық мінез-құлық саласындағы білімдердің, дағдылар мен қарым-қатынастардың жақсаруы мен жеңілдеуі. Яғни, адам негізгі және озық экономикалық ұғымдарды жақсы түсінген сайын, өзінің өмірін қалай жақсартуға болатынын түсінеді.



Сурет 1 - Қаржылық сауаттылыққа қатысты кейбір түсініктер

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Қаржы ұғымына анықтама беріңіз. Жалпы қоғамда қаржының рөлі?
2. Сауаттылық түсінігі және анықтамамен айындаңыз.
3. Оқу мен жазу және сауаттылық арасындағы айырмашылықты айқындап кетіңіз?
4. Қаржылық сауаттылық түсінігі мен маңызы?
5. Қаржылық сауаттылықпен бірге құрамдас бөліктерді атаңыз. Және де, әр қайсысының маңыздылығын түсіндіріңіз?
6. Мінез-құлық қаржысы және қаржылық сауаттылық арақатынастарын түсіндіріңіз?
7. Қаржылық сауаттылыққа қатысты түсініктерді жаттап алыңыз?

Әдебиеттер:

1. Қаржылық сауаттылық негіздері: Оқу құралы. Мырзабекқызы Қ., Сапарова А.А., Болганбаев А.Д. Алматы: ЖШС «Лантар books» баспасы, 2024. - 283 бет.
2. Финансовая грамотность : учебник : [16+] / Ю.Р. Туманян, О.А. Ищенко-Падукова, А.Н. Козлов и др. ; Южный федеральный университет. – Ростов-на-Дону ; Таганрог : Южный федеральный университет, 2020. – 212 с.
3. FİNANSAL OKURYAZARLIK BECERİLERİETKİNLİK KİTABI. Kemal ŞİMŞEK, Keziban KODAZ, İrem ÖZMEN BAĞCI. ISBN: 978-975-11-6491-9. 2023 y.
4. Чумаченко В. В. Основы финансовой грамотности : учеб, пособие для общеобразоват. организаций / В. В. Чумаченко, А. П. Горяев. — 3-е изд. — М. : Просвещение, 2018. — 271 с. : ил. — ISBN 978-5-09-047289-0.
5. Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020 - 2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы № 338 қаулысы.